

# Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді еліміздегі танымы биік, тарихы терең беделді жоғары оқу орындарының бірі - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Кемел келешектің кілті қашан да сапалы білімде. Бұл тұрғыда білім мен ғылымның бірегей орталығына айналған университеттің отандық білім және ғылым көкжиегіндегі алар орны ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз ғылымның ұлттық экономикаға қосатын үлесін көбейтуіміз керек. Сонымен бірге, әлемдік ғылыми кеңістікпен ықпалдастықты күшейткен жөн. Ғалымдар еліміздің рухани дамуына да баса мән бергені дұрыс. Әсіресе, жастардың отаншылдық рухын күшейту керек», - деген болатын. Бұл тұрғыда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті көптеген биік мақсаттар мен іргелі жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Университет қаншама түлектерді үлкен өмірге қанаттандырды, олар бүгінде еліміздің әр түкпірінде абыройлы қызмет атқаруда. Мұның барлығы оқу ордасының профессор-оқытушылар құрамының қажырлы еңбегінің арқасында екені мәлім.

Білім мен ғылымның қайнар көзі болған байырғы оқу ордасы үлкен үлкен жетістіктерге жетіп, мол мүмкіндіктерге ие болды. Шетелдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, жоғары көрсеткіштерімен әлемдік рейтингтердің қатарынан көрінді.

Университет ұжымы алдағы уақытта да әлемдік бәсекеге төтеп беріп, озық ойлы, ұлтжанды кадрларды тәрбиелеу жолындағы игілікті дәстүрді жалғастырады деген сенімдемін.

Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін!

**ҚР Премьер-Министрі**
**Әлихан Асханұлы Смайылов**